

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Аңсар" ақпараттық талдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 162 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына және "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ақтөбе облысының жергілікті атқарушы органы айқындаған тәртібі мен шарттарына сәйкес түзету коэффициентін есепке алмағанда, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Аңсар" ақпараттық талдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына жүз пайыз мөлшерінде ынталандыру үстемеақылары белгіленсін.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.06.2025 № 229 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың
төрағасы

Г. СҮЙІНТАЕВА